

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІЛЕРДІҢ АҢШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛІК ШОЛУ

А.М. Дүйсенбеков

Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

E-mail: aikynduisenbekov2000@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-2495-1970>

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениеті археологиялық материалдар мен жазба деректер негізінде кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің басты назарында аңшылықтың көшпелі түркі қоғамындағы шаруашылық, әскери, әлеуметтік және дүниетанымдық қызметі тұр. Ортағасырлық түркілер үшін аңшылық күнкөріс пен тұрмыстық қажеттілікті қамтамасыз ететін кәсіп түрі ғана емес, атты жауынгердің ептілігін, мергендігін, төзімділігін және кеңістікті игеру қабілетін қалыптастыратын тәжірибелік орта болғаны көрсетіледі. Зерттеуде петроглифтердегі аңшылық сюжеттері, қару-жарақ кешендері, ат әбзелдері, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары, жыртқыш аңдар мен қыран құстар бейнелері талданып, олардың түркілердің материалдық және рухани мәдениетін танудағы деректік маңызы ашып көрсетілді. Мақалада ат үстінде садақпен аң аулау, қаумалап аңшылық ұйымдастыру, жабайы жануарларды бейнелеу және қыран құстарды пайдалану дәстүрлері көшпелі әскери мәдениетпен сабақтастықта қарастырылады. Аңшылық көріністерінде бейнеленген қару түрлері, аңшының қимыл-қозғалысы, киім үлгілері мен ат әбзелдері ортағасырлық түркілердің тұрмысы, жауынгерлік машығы және көркемдік дәстүрі туралы маңызды мәлімет береді. Сонымен қатар жыртқыш аңдар мен құстар бейнесі билік, ерлік, қорғаныш, сакралды кеңістік және әлеуметтік мәртебе ұғымдарымен байланысты символикалық жүйе ретінде түсіндіріледі. Зерттеу нәтижесінде ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениеті көшпелі қоғамның шаруашылық бейімделуі, әскери тәжірибесі, әлеуметтік құрылымы және рухани дүниетанымы тоғысқан кешенді мәдени жүйе болғаны тұжырымдалады.

Кілт сөздер: ортағасырлық түркілер, аңшылық мәдениеті, археологиялық ескерткіштер, петроглифтер, көшпелі қоғам, атты аңшылық, жазба деректер.

Қаржыландыру көзі: Жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024-2026 жж. арналған іргелі ғылыми зерттеулер жобасы аясында ЖТН BR24992916 даярланды.

Кіріспе

Ортағасырлық түркі қоғамының шаруашылық және мәдени-тұрмыстық жүйесінде аңшылық ерекше орын алды. Ол күнкөріс пен тұрмыстық қажеттіліктерді қамтамасыз етудің бір тәсілі ғана емес, сонымен қатар әскери машықтарды жетілдірудің, жауынгерлік дайындықты шыңдаудың және әлеуметтік мәртебені танытудың маңызды тетігі ретінде қызмет атқарды. Көшпелі өмір салтына бейімделген түркі тайпалары үшін аң аулау табиғи ортамен етене байланыста қалыптасқан шаруашылық-мәдени дәстүрдің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе ат үстінде садақпен аң аулау, қаумалап ұйымдастырылатын ұжымдық аңшылық түрлері және қыран құстарды пайдалану дәстүрі

түркілердің әскери мәдениетімен тығыз ұштасып жатты (Асадов, 1993; Гумилев, 1967; Кушкумбаев, 2009).

Ортағасырлық кезең түркі халықтарының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы маңызды тарихи белестердің бірі саналады. Бұл дәуірде көшпелі қоғамның шаруашылық құрылымы, әлеуметтік қатынастары мен дүниетанымдық жүйесінде елеулі өзгерістер байқалды. Осындай үдерістер аясында аңшылық кәсібі дәстүрлі шаруашылық қызметімен қатар, әскери-стратегиялық және сакралдық сипатқа ие болды. Аң аулау барысында қалыптасқан ептілік, мергендік, төзімділік және ат үстіндегі қозғалыс машықтары жауынгерлік өнердің құрамдас бөлігіне айналды. Сондықтан аңшылық түркі қоғамында әскери даярлықтың тәжірибелік мектебі ретінде де қарастырылды (Асадов, 1993; Кляшторный, Савинов, 2005).

Түркілердің аңшылық мәдениеті олардың материалдық және рухани мұрасында кеңінен көрініс тапты. Жартас суреттерінде, сәндік-қолданбалы өнер туындыларында, торевтика үлгілерінде, қару-жарақ пен ат әбзелдерінде бейнеленген аңшылық сюжеттері ортағасырлық түркілердің дүниетанымы мен көркемдік дәстүрлерін зерделеуге маңызды деректік негіз қалыптастырады (Самашев, 2022; Мухарева, 2007; Черемисин, 2004). Әсіресе жыртқыш аңдар мен қыран құстар бейнесі билік, ерлік, әскери күш және сакралды ұғымдармен сабақтас семантикалық мәнге ие болды (Дробышев, 2023; Смаилов және т.б., 2025). Бұл бейнелер көне «аң стилі» дәстүрінің ортағасырлық түркі өнерінде жаңа мазмұнда жалғасқанын аңғартады (Кызласов, Король, 1990; Смаилов және т.б., 2025).

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі деректік қорын ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениетіне қатысты археологиялық материалдар, петроглифтік композициялар, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары, қару-жарақ пен ат әбзелдері, сондай-ақ жазба деректер құрайды. Аталған деректер аңшылықтың түркі қоғамындағы шаруашылық, әскери, әлеуметтік және дүниетанымдық қызметін кешенді түрде қарастыруға ғылыми негіз қалыптастырады. Археологиялық материалдар қатарында аңшылық көріністері бейнеленген жартас суреттері, қорамсақтар, жебе ұштары, ат әбзелдері, торевтика үлгілері және жыртқыш аңдар мен қыран құстар бейнесі бар сәндік бұйымдар негізгі дерек ретінде алынды.

Ортағасырлық түркілердің аңшылық әрекеттері Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Жетісу және Саян-Алтай аймақтарындағы жартас суреттерінде көрініс тапқан. Бұл бағыттағы зерттеулерде А.П. Окладников, Е.А. Окладникова, В.Д. Кубарев, Я.А. Шер, З. Самашев, Д.В. Черемисин, В.И. Молодин, А.Н. Мухарева, Е.А. Миклашевич, О.С. Советова, А.Н. Марьяшев еңбектері маңызды ғылыми негіз болды (Шер, 1980; Самашев, 2010; Мухарева, 2007; Черемисин, 2004; Советова, Король, 2012). Аталған зерттеушілер петроглифтердің хронологиясын, бейнелік-композициялық ерекшеліктерін, орындалу техникасын және ерте ортағасырлық түркі дәуіріне тән бейнелеу белгілерін анықтауға елеулі үлес қосты.

Жазба деректер ретінде араб, парсы және қытай авторларының түркілердің тұрмысы, әскери өмірі мен аңшылық дәстүрлеріне қатысты мәліметтері пайдаланылды. Бұл бағытта Ф.М. Асадовтың араб деректерін жүйелеген еңбегі және Б.Е. Көмековтің кимактар туралы зерттеуі маңызды деректік негіз ретінде қарастырылды (Асадов, 1993; Кумеков, 1972).

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл әдіс археологиялық материалдарды ортағасырлық жазба деректермен салыстыра қарастырылды.

Салыстырмалы талдау арқылы түркі халықтарының дәстүрлі аңшылық тәжірибесі мен археологиялық олжалар арасындағы сабақтастық, сондай-ақ аңшылықтың әскери машықпен, әлеуметтік мәртебемен және дүниетанымдық түсініктермен негізге алынды.

Талқылау

Ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениетін зерттеу бұл құбылыстың көшпелі қоғамда шаруашылық, әскери, әлеуметтік және дүниетанымдық қызметтерді қатар атқарғанын көрсетеді. Қарастырылған деректер жазба деректер, петроглифтік материалдар, қару-жарақ кешендері, ат әбзелдері, сәндік-қолданбалы өнер туындылары және дүниетанымдық-символикалық бейнелер түрінде жүйеленеді. Бұл материалдар аңшылықты тек тұрмыстық кәсіп немесе азық табу тәсілі ретінде емес, әскери машықты жетілдіретін, әлеуметтік мәртебені танытатын және сакралды түсініктерді бейнелейтін маңызды мәдени құбылыс ретінде сипаттауға негіз болады (Асадов, 1993; Кубарев, 1984; Самашев, 2022; Дробышев, 2023).

Ең алдымен, жазба деректер түркілердің аңшылық мәдениетін олардың әскери-көшпелі өмір салтымен тығыз байланыста сипаттайды. Ф.М. Асадов жинақтаған араб деректерінде түркілер ат үстіндегі жауынгер халық ретінде суреттеледі. Араб авторлары олардың жылқыны меңгеру шеберлігін, ұзақ жорықтарға төзімділігін, қару қолданудағы ептілігімен қатар ат үстіндегі өмірге бейімділігін алға тартады (Асадов, 1993: 37). Түркі жауынгерінің жорық және аңшылық барысында бірнеше атты қатар пайдалануы, сондай-ақ қажет жағдайда аң аулау арқылы азық қорын толықтыруы аңшылықтың көшпелі әскери өмір салтының ажырамас бөлігі болғанын айғақтайды (Асадов, 1993).

А.С. Юнусов араб авторларының мәліметтерін талдай отырып, VII-X ғасырлардағы түркілердің әскери ісі жоғары деңгейде дамығанын, оның негізінде атты әскер, шапшаң қозғалыс, садақпен дәл ату және кеңістікті тиімді пайдалану дағдылары тұрғанын атап өтеді. Түркілердің жауынгерлік қабілеті олардың табиғи ортада еркін қимылдауымен, жылқыны жетік меңгеруімен және қаруды, әсіресе садақты, тиімді қолдануымен сипатталады (Юнусов, 1990: 97-103).

Араб деректеріндегі бұл мәліметтер археологиялық және бейнелеу материалдарымен де өзара үндеседі. Петроглифтердегі аңшылық көріністерінде аңшылар көбіне садақ тартқан, аңды қуған, нысанаға оқ атуға дайын тұрған немесе ұжымдық аңшылыққа қатысқан сәтінде бейнеленеді. Бұл композициялар аңшылықтың техникалық тәсілдерін ғана емес, ат үстіндегі қозғалыс дағдыларын, қару қолдану машығын және аңды қаумалау сияқты ұжымдық әрекет үлгілерін де аңғартады (Кубарев, 1984; Мухарева, 2007; Черемисин, 2004: 44-45).

Петроглифтердегі аңшылық сюжеттері түркілердің көркемдік дәстүрі мен дүниетанымдық түсініктерін де бейнелейді. Аңшылық сахналарында арқар, тауешкі, бұғы, марал, қабан, қасқыр, жыртқыш құстар сияқты жануарлардың бейнеленуі табиғи ортаның нақты көрінісін ғана емес, жануарлар әлеміне қатысты символикалық қабылдауды да көрсетеді (Мухарева, 2007; Черемисин, 2004). Әсіресе салт атты аңшының садақпен аң аулау сәті, аңды қуып келе жатқан динамикалық бейнелер және кей жағдайларда артқа бұрылып садақ тартқан жауынгерлік қимылдар аңшылық пен соғыс өнерінің ортақ композициялық жүйеде берілгенін байқатады (Кубарев, 1984; Самашев, 2022).

Қару-жарақ кешендері де аңшылық пен әскери машық арасындағы байланысты айғақтайтын маңызды дерек болып табылады. Ф.Х. Арсланова Жоғарғы Ертіс өңіріндегі

қимақтардың жебе ұштарын қарастыра отырып, VIII ғасырда қимақтарда түрік типіндегі садақтар, ұшқанатты ысқырғыш жебелер және қабыршақты сауыттар болғанын, ал жеңіл атты әскер қимақ әскери күшінің негізін құрағанын атап өтеді (Арсланова, 2013). Бұл деректер садақ пен жебе жүйесінің аңшылықта да, соғыста да ортақ техникалық база қызметін атқарғанын көрсетеді. IX-X ғасырларда қимақ қоғамының көпэтникалық сипаты қару-жарақ түрлерінің жетілуіне және Оңтүстік Сібір мен Орталық Азиядан келген үлгілердің таралуына ықпал еткен. Демек, аңшылық құралдары мен жауынгерлік қару-жарақ арасындағы шекара әрдайым қатаң болмаған, керісінше, олардың функциялық жақындығы көшпелі қоғамның әскери-шаруашылық болмысынан туындаған (Арсланова, 2013; Кушкумбаев, 2009).

Аңшылық мәдениетін зерттеуде сәндік-қолданбалы өнердегі зооморфтық бейнелердің де маңызы зор. Ортағасырлық жыртықш аң бейнелері зерттеушілер тарапынан көне «аң стилі» дәстүрінің жалғасы ретінде қарастырылады. Тараздан табылған барыс денелі, қасқыр басты қола аспа әшекейді талдау ортағасырлық өнерде жыртықш аң бейнесінің тек сәндік мақсатта ғана қолданылмағанын, оның этномәдени жадымен, мифологиялық түсініктермен және әскери символикамен тығыз байланысты болғанын көрсетеді (Смаилов және т.б., 2025). Осы тұрғыдан алғанда, жыртықш аң бейнесі аңшылық мәдениетінің көркемдік қырын ғана емес, идеологиялық-семантикалық мазмұнын ашады.

Ортағасырлық түркі өнеріндегі зооморфтық бейнелерді түсіндіруде Л.Р. Кызласов пен Г.Г. Корольдің сәндік өнерді тарихи дерек ретінде қарастырған еңбегі әдістемелік тұрғыдан маңызды. Авторлар ортағасырлық хакастардың VI-X ғасырлардағы сәндік және орнаменттік өнерін зерттей отырып, орнамент пен декордың тек әсемдік қызмет атқармайтынын, халықтың дүниетанымы, этномәдени байланыстары, шаруашылық-тұрмыстық ерекшеліктері мен тарихи даму деңгейін көрсететін дереккөзі бола алатынын негіздейді (Кызласов, Король, 1990). Бұл тұжырым түркілердің аңшылық мәдениетіне қатысты зооморфтық және орнитоморфтық бейнелерді талдауда да маңызды. Себебі аң, құс және жыртықш бейнелері ортағасырлық түркілердің көркемдік талғамын ғана емес, олардың мифологиялық және әлеуметтік түсініктерін де бейнелейді.

Қыран құс бейнесі түркілердің аңшылық мәдениетінде ерекше семантикалық мәнге ие болды. Н. Базылхан жыртықш құстардың көшпелілер өнерінде мифологиялық түсініктерді ғана емес, күнделікті тұрмыста аңшылыққа пайдаланылғанын да көрсететінін атап өтеді (Базылхан, 2013). Автордың пайымдауынша, қыран құстар көне түркі этносимволикасында Тәңірі, Жоғарғы әлем, билік және аспандық қуат ұғымдарымен сабақтас қарастырылған. Бұл тұжырым саятшылықтың түркі қоғамында тек аң аулау тәсілі емес, әлеуметтік бедел мен сакралды дүниетанымның көрінісі ретінде қарастырылады (Базылхан, 2013).

Ю.И. Дробышевтің ежелгі түркі тас мүсіндеріндегі құс бейнелеріне арналған зерттеуі бұл мәселені одан әрі тереңдете түседі. Автор белгілі жүздеген көне түркі тас мүсіндерінің ішінде құс бейнесі бар ескерткіштердің өте сирек кездесетінін атап өтіп, бұл бейненің кездейсоқ емес (Дробышев, 2023). Дробышев құсты марқұмның «ұшып бара жатқан жаны» ретінде түсіндіретін дәстүрлі көзқараспен шектелмей, оны марқұм жанын Жоғарғы әлемге бастап баратын символдық бейне ретінде қарастырады. Сонымен қатар мұндай мүсіндер тірісінде қыран құспен аң аулаумен танылған адамдарға арналуы мүмкін деген болжам ұсынады (Дробышев, 2023). Бұл пікір саятшылықтың тек шаруашылық әрекетпен немесе элиталық ортадағы мәртебелік дәстүрмен шектелмей, ғұрыптық-мемориалдық және дүниетанымдық мәнге ие болған күрделі мәдени құбылыс екенін айғақтайды.

Ф.Х. Арсланованың қимақ әйелдерінің бас киімдеріндегі құс бейнесіне қатысты деректері де осы тұжырымдармен үндеседі. Ертіс бойы мен оған шекаралас аймақтардағы әйел жерлеулерінен жыртқыш құстардың көлемді құйма мүсіндері мен барельефті бейнелерінің табылуы құс символикасының қимақ қоғамында кең семантикалық мәнге ие болғанын көрсетеді (Арсланова, 2013). Автор бұл бейнелерді тотемдік түсінікпен қатар, жаман күштерден қорғайтын тұмарлық сипаттағы заттар ретінде де түсіндіреді. Сонымен бірге мұндай бұйымдар табылған жерлеулердегі ақыреттік заттар жерленген адамдардың қоғамдағы ерекше әлеуметтік топқа жатуы мүмкін екенін аңғартады (Арсланова, 2013). Осыған байланысты құс бейнесін аңшылық тәжірибемен ғана емес, әлеуметтік мәртебе, ғұрыптық қызмет және қорғаныштық символикамен сабақтастықта қарастыру қажет.

Жоғарыда қарастырылған деректер ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениеті бірнеше деңгейде қызмет атқарғанын көрсетеді. Біріншіден, аңшылық көшпелі шаруашылық жағдайында азық табудың және табиғи ортаға бейімделудің маңызды тәсілі болды. Екіншіден, ол садақ ату, ат үстіндегі қозғалыс, аңды қуу, қоршау және ұжымдық әрекет сияқты әскери машықтарды қалыптастыратын тәжірибелік мектеп қызметін атқарды (Асадов, 1993; Кушкумбаев, 2009). Үшіншіден, аңшылық сюжеттері петроглифтерде, торефикада және сәндік-қолданбалы өнерде бейнеленіп, түркілердің көркемдік дәстүрі мен әлеуметтік дүниетанымының бір бөлігіне айналды (Кубарев, 1984; Самашев, 2022; Кызласов, Король, 1990). Төртіншіден, жыртқыш аңдар мен қыран құстар бейнесі билік, ерлік, қорғаныш, Жоғарғы әлем және сакралды кеңістік ұғымдарымен байланысты күрделі символикалық жүйені қалыптастырды (Базылхан, 2013; Дробышев, 2023; Смаилов және т.б., 2025).

Осылайша, археологиялық материалдар, жазба деректер және композициялық бейнелерді кешенді талдау ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениеті әскери тәжірибе, әлеуметтік мәртебе және рухани дүниетаным тоғысқан күрделі мәдени құбылыс ретінде сипаттауға негіз болады. Аңшылықтың петроглифтерде, қару-жарақта, ат әбзелдерінде, сәндік бұйымдарда және мемориалдық ескерткіштерде бейнеленуі оның түркі қоғамының материалдық және рухани мәдениетіндегі маңызды орнын айғақтайды (Арсланова, 2013; Самашев, 2022; Дробышев, 2023; Базылхан, 2013).

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан, Ресей және Моңғолия аумақтарындағы ортағасырлық петроглифтерде аңшылық тақырыбы кеңінен көрініс тапқан. Ерте ортағасырлық кезеңге жататын жарта суреттерінде аң аулау үдерісі, аңшылардың қарулану жүйесі, ат үстіндегі қимыл-қозғалысы және аңшылық нысаны болған жабайы жануарлардың бейнелері жиі кездеседі. Мұндай петроглифтік композициялар көшпелі түркілердің шаруашылық кәсібін, әскери машықтарын және дүниетанымдық түсініктерін айғақтайтын маңызды дереккөздердің бірі болып табылады.

Аталған сюжеттердің ішінде арқарға аңшылық жасап жүрген түркі салт аттысының бейнесі ерекше назар аудартады. Композицияда аңшының ат үстіндегі қимылы шынайы әрі динамикалық түрде берілген. Оның алты ұзын өрілген бұрымы мен бұрым ұшындағы шашбауларының анық бейнеленуі сол кезеңдегі түркілердің этномәдени ерекшеліктері мен әлеуметтік келбетін көрсетеді. Мұндай сипаттық белгілер петроглиф авторларының аңшылық үдерісін ғана емес, сонымен қатар киім үлгісін, сыртқы келбетті және символикалық мәні бар белгілерді де нақты жеткізуге ұмтылғанын аңғартады (Самашев, 2010, 57 б.).

Жоғарыда аталған аңшылық көріністерінде аңшылар көбіне садақты тартқан немесе оқ атуға дайын тұрған сәтінде бейнеленеді. Композициялық сюжеттерде жаяу аңшылармен қатар атты аңшылардың да қатысуы көшпелі қоғамдағы аңшылықтың әскери сипатымен тығыз байланысты. Петроглифтерде аңшылардың киім үлгілері, қару-жарақтары мен ат әбзелдерінің ұсақ бөлшектерінің дәл әрі егжей-тегжейлі берілуі ерекше назар аударады. Мұндай бейнелер арқылы аңшылық құралдарының кешенін, қару түрлерін, сондай-ақ сол кезеңдегі киім мәдениетінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туады. Сонымен қатар бұл көріністер Копен чаатасы ескерткіштерінен табылған бейнелермен ұқсастықтар байқатады. Атап айтқанда, аңшылардың композициялық орналасуы, қару қолдану тәсілдері және бейнелеу мәнеріндегі ортақ белгілер ерте ортағасырлық түркілердің көркемдік дәстүрлері мен аңшылық мәдениетінің өзара сабақтастығын көрсетеді (Евтюхова Л.А., Киселев С.В.: 1940).

Алтай жартас суреттерінде бейнеленген түркі аңшылары әдетте белі буылған шекпен киімінде көрсетілген. Кейбір бейнелерде белдікке ілінген қорамсақтар мен садақ қаптары анық байқалады. Түркілердің шаш үлгісі тарқатылған немесе бірнеше өрім түрінде беріліп, өрімдердің ұшына ұзынша шашбаулар тағылған. Петроглифтерде құлақшыны бар малақайға немесе қалпаққа ұқсас бас киім үлгілері де кездеседі. Бұл детальдар ерте ортағасырлық түркілердің сыртқы келбеті, қарулану жүйесі және киім мәдениеті туралы маңызды мәлімет береді (Черемисин 2004: 45).

Жартас суреттеріндегі түркі аңшыларының басым көпшілігі садақ пен жебемен қаруланған күйде бейнеленген. Осыған археологиялық жәдігерлерде бейнеленген аңшылық көріністер дәлел. Солардың қатарында археолог, ғалым З. Самашев жүргізген археологиялық зерттеулер барысында Елеке Сазы қорымы аумағында орналасқан «Қаған кешенінен» бірқатар құнды археологиялық олжалар табылған. Солардың бірі – темірден жасалған үзеңгі. Аталған үзеңгіге күмісті қақтау техникасы арқылы бедерленген. Декоративтік композицияда өсімдік текті өрнектермен қатар аңшылық көріністері, ат үстінде садақ тартқан салт атты аңшының бейнесі және олардың жыртқыш анды – жолбарыс немесе барысты аулау сәті көркем түрде бедерленген. Бұл бейнелер ерте ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениеті мен әскери дәстүрлерінің өзара байланысын, сондай-ақ сол кезеңдегі көркемдік талғам мен металл өңдеу өнерінің жоғары деңгейін айғақтайды (Самашев 2022: 178, сур. 7). Мұндай аңшылық көрінісі әртүрлі археологиялық ескерткіш түрлерінде кездесетін ерте ортағасырлық бейнелермен ұқсастық байқатады. Атап айтқанда, онда ат үстінде шауып келе жатып, артқа бұрылып садақ тартқан атты садақшылардың динамикалық бейнелері көрсетілген (Кесте 1).

1 Кесте. Ат үстіндегі садақшы бейнесінің әртүрлі археологиялық деректердегі көрінісі

№	Ескерткіш / табылған орны	Дерек түрі	Бейнелеу мазмұны	«Бейнелік-композициялық ерекшелігі
1	2	3	4	5
1	Сулек жартас суреттері	Петроглиф	Ат үстіндегі садақшы шауып келе жатып, артқа бұрылып оқ ату сәтінде бейнеленген	Салт аттының денесі алға бағытталғанымен, қару қолдану бағыты артқа қарай берілген. Бұл «парфяндық ату» деп аталатын күрделі әскери-

				аңшылық тәсілге жақын
2	Копен чаатасы	Металл қапсырма	Салт атты садақшы ат үстінде шауып келе жатып, артқа бұрылып оқ атады	Композиция жинақы әрі динамикалық. Аттың қозғалысы мен садақшының бұрылған қалпы жауынгерлік қимылын анық көрсетеді
1	2	3	4	5
3	Красноярск қаласы, тостағандағы бейне	Ыдыс бетіндегі бейне	Атты садақшы қозғалыс үстінде артқа қарай оқ атады	Ыдыс бетіндегі сәндік бейне ретінде берілген. Бұл мотивтің әртүрлі материалдық ортада таралғанын көрсетеді
4	Уфа қаласы, табақтағы бейне	Металл табақтағы бейне	Ат үстіндегі садақшы артқа бұрылып оқ ату сәтінде көрсетілген	Бейне композициялық жағынан салтанатты әрі сәндік сипатқа ие. Ат, садақшы және қару-жарақ бөлшектері көркемдік мәнермен берілген
5	Шемаха табағындағы бейне	Металл табақтағы бейне	Атты садақшы толық қаруланған күйде, артқа бұрылып оқ атуда	Садақшының әскери жабдығы, садақ, қорамсақ және ат әбзелдері анығырақ көрсетілген. Композицияда жауынгерлік сипат басым
6	Елеке Сазы, Абай облысы	Күміспен әшекейленген темір үзеңгідегі торевтикалық бейне	Ат үстіндегі садақшы жыртқыш аңды жолбарыс немесе барысты аулау сәтінде бейнеленген	Элиталық ғұрыптық-еске алу кешенінен табылған заттық дерек; бейне үзеңгіге қақтау техникасымен түсірілген

Бұл ұқсастықтар Алтайдағы Кудыргэ қорымынан табылған садақ қаптырмасында (б.з. IV-VII ғғ.) ерекше байқалады. Садаққа бекітілген сүйектен жасалған пластиналы қаптырмаларда ер-тоқым үстінде шауып келе жатып аң аулап, жануарларды қуып, садақпен атып келе жатқан салт атты аңшының бейнесі екі рет қайталанып бейнеленген (Гаврилова, 1965). Кудыргэ қорымынан табылған ер-тоқым қаптырмаларындағы бұл сюжет ғылыми әдебиетте бірнеше рет талданып, әртүрлі зерттеушілердің назарын аударған. Мәселен, С.И. Руденко мен А.Н. Глухов бейнелердегі жергілікті және сырттан енген көркемдік элементтерді атап өтіп, композициядағы жолбарыс бейнелерінің статикалық сипатта берілуін олардың жергілікті фаунаға тән емес жануарлардан алынғандығымен түсіндіріп, бұл бейнелердің басқа мәдени үлгілерге негізделгенін көрсетеді. С.В. Киселевтің пікірінше, жолбарыс бейнелері сасанидтік өнер дәстүрлерінің ықпалымен қалыптасқан көркемдік үлгілер қатарына жатады және жергілікті шеберлер тарапынан қайта өңделген сипатқа ие болған (Степи Евразии в эпоху средневековья 1981: 37).

Композицияда бейнеленген жануарлар қатарында жолбарыс, марал, бұғы, аю, жабайы жылқы, тау ешкі, қарақұйрық, түлкі, қоян және балық бейнелері кездеседі. Балықтың бейнеленуі ерекше назар аудартады (Грязнов 1961: 17). Ортағасырлық деректерде кимактардың да балық аулаумен де айналысқаны айтылады. Әл-Идриси олардың «күріш, ет және балықпен қоректенетінін, өзендерінде балықтың өте көп екенін» атап көрсетеді. Әсіресе Гамаш (Ертіс) өзенінде ірі балықтардың мол болғаны туралы мәлімет береді. Түркі тілдік деректерде балық аулау құралдарына қатысты да арнайы терминдер кездеседі. Мысалы, аргак – қармақ, аг – ау, ужан (улық) – шағын қайық, кема (караб) – үлкен қайық деген мағыналарды білдіреді (Кумеков 1972: 93). Жазба деректердегі бұл мәліметтер Ф.Х. Арсланова жүргізген археологиялық қазба жұмыстары материалдармен де дәлелденеді. Ертіс өңіріндегі VIII-IX ғасырларға жататын қорымдардан балық бейнесіндегі мүсіндік бұйымдардың табылуы сол кезеңдегі балықшылықтың кең таралғанын көрсетеді (Арсланова 1968: 108).

Аңшылық сахналарында аңшыларға көмекші ретінде пайдаланылған аңшы иттері де жиі бейнеленеді. Олар олжаны қуып жетіп немесе аңды иесіне қарай қуып әкелетін сәтте көрсетілген (Черемисин 2004: 44, сур. 8-9). Жартас суреттерінде аңшылық нысандары ретінде Алтай табиғатына тән жабайы жануарлар бейнеленген. Олардың ішінде ең жиі кездесетіні – бұғы тұқымдас жануарлар (елік пен марал). Сонымен қатар тау ешкілері мен арқарлардың бейнелері де ұшырасады. Ал қауіпті әрі күрделі олжа саналатын аю, қабан, қасқыр және жыртқыш құстар сирек бейнеленген. Көптеген жануарлар жебемен жараланған немесе атылған күйінде көрсетіледі.

Аңшылық барысында жауынгерлер тек жеке жауынгерлік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар әскери бөлімдердің өзара әрекеттесу тәсілдерін де шыңдаған. Алтаймен шектесетін Моңғолия, Қазақстан және Солтүстік Қытай далаларында, яғни VI-VIII ғасырларда түркілер үстемдік құрған аймақтарда, кең аумақты қамтитын және көп адам қатысатын ұжымдық «қоршау» аңшылықтары ұйымдастырылған. Аңшылықтың бұл түрі түркі әскери жүйесінің маңызды жаттығу элементі саналған (Кушкумбаев 2009: 142).

Ерте ортағасырлық түркілер арасында кең тараған қоршау аңшылығы арнайы дайындықты талап еткен. Мұндай аңшылықтар жауынгерлер үшін соғыс алдындағы жаттығулардың бір түрі қызметін атқарған. Сонымен қатар сәтті ұйымдастырылған аңшылық нәтижесінде көп мөлшерде ет алынған, бұл көшпелі түркілердің негізгі азықтарының бірі болған. Кейбір жағдайларда соғыс уақытында да азық қорын толықтыру мақсатында аңшылық ұйымдастырылып отырған (Гумилев 1967: 70).

Түркілердің әскери дәстүрлерінің ықпалы көрші мемлекеттерде де байқалды. Қытайдың солтүстік шекарасында қызмет атқарған қолбасшы Ли Юань (кейін Тан әулетінің алғашқы императоры Гаоцзу) түркілермен жиі байланыста болып, олардың әскери дәстүрлерін жақсы білген. Түркілерге қарсы тиімді әскер қалыптастыру мақсатында ол өз жауынгерлерін көшпелі өмір салтына бейімдеп, оларды қоршау әдісімен ұйымдастырылатын ұжымдық аңшылыққа қатысуға үйреткен (Гумилев 1967: 139).

Аңшылық жетістіктері мен ерліктерінің түркі қоғамында жоғары бағаланғаны көршілес өңірлердегі руникалық ескерткіш мәтіндерінен де байқалады. Алтай аймағына жақын өңірлерде табылған кейбір ескерткіш жазбаларда аңшылықтағы табыстар мен ерлік істер арнайы атап көрсетілген. Зерттеушілердің пікірінше, жас түркі жігіті ірі аңшылық ерлік жасаған жағдайда «ер есімін» алып, яғни қоғамдағы ересек ер адамның әлеуметтік мәртебесіне көтеріле алған (Кляшторный, Савинов 2005: 153).

Х. Нугтерен саятшылықты тек сырттан енген мәдени құбылыс ретінде қарастырудың біржақты екенін алға тартады. Автор Клаусонның қыран құспен аң аулау

дәстүрі ирандық көршілерден енген және негізінен сарайлық ортаға тән құбылыс болды деген пікіріне сын көзбен қарайды. Қарахан дәуіріне қатысты түркілік деректер, әсіресе Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіндегі мысалдар, түркі қоғамында қыран құстар туралы жүйелі таным қалыптасқанын және саятшылыққа қатысты арнайы лексикалық қордың болғанын айғақтайды. (Nugteren, 2018: 646). Бұл тұжырым саятшылықтың түркілердің төл мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты болғанын айғақтайды. Түркі ақсүйектері арасында аңшылықтың беделді түрлерінің бірі – қыран құспен саятшылық болған. Мұндай аңшылық ерте ортағасырлық түркі петроглифтерінде сирек болса да кездесетін, бірақ мазмұны жағынан маңызды сюжеттердің бірі ретінде көрініс табады. Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі аңшылыққа қатысты лексикалық материалдар ортағасырлық түркілердің табиғи орта, жануарлар әлемі және саятшылық дәстүрі туралы түсініктер кездеседі. Сөздікте ат үстіндегі көшпелі өмір салтын танытатын ат термині, аңшылық нысандары ретінде құлан, қабан, кеклік атаулары, сондай-ақ қыран құспен аң аулау дәстүріне қатысты шағры – «лашын» және «лашын құсты қолға қондырып...» түріндегі мәтіндік дерек кездеседі. Бұл лексикалық материалдар аңшылықтың түркі қоғамында тек шаруашылық әрекет емес, арнайы терминологиялық өрісі қалыптасқан мәдени тәжірибе болғанын көрсетеді (Түрік сөздігі, 1997).

Енисей өзені аңғарынан табылған руникалық мәтіндер де аңшылықтың түркі халықтарының мәдени өмірінде маңызды орын алғанын көрсетеді. Түркілерге тілдік және мәдени тұрғыдан жақын болған қырғыз элитасының да аңшылықты ерекше жақсы көргені байқалады. Дегенмен жауынгердің басты абырой көрсеткіші – шайқаста жеңілген жаулар саны болған. Соған қарамастан, жеке жекпе-жектегі жеңістер мен аңшылық жетістіктері бір деңгейде бағаланған (Кормушин 2008: 307). Руникалық мәтіндерде кейде жауынгердің өлтірген жауларының саны көрсетілгеннен кейін оның аңшылықтағы жетістіктері де қатар беріледі. Мысалы, бір мәтінде: «Мен жиырма екі жау жауынгерін өлтірдім. Мен көк бөрілерді, қара бұлғындарды, бұғыларды ауладым...» деген мазмұндағы жолдар кездеседі (Кормушин 2008: 308).

Араб деректеріне сүйенсек, түркілер әскери жорықтар кезінде де аңшылықпен айналысқан (Асадов, 1993: 37). Дегенмен аңшылық тек әскери жаттығу немесе ақсүйектерге тән мәртебелік әрекет ретінде ғана қарастырылмаған. Оның өзіндік ережелері мен дәстүрлі қағидалары қалыптасқан. Бұл қағидаларды бұзу ауыр салдарға әкелуі мүмкін деп түсінілген. Мысалы, қытай жылнамаларында түркі қағаны Шаболионың аңшылық кезінде дәстүрлі тәртіпті бұзғаны туралы мәлімет беріледі. Дерек бойынша, ол аң аулау барысында киіктің тек дәмді бөліктерін ғана алып, қалғанын тастап отырған. Мұндай әрекет аңшылыққа қатысты қалыптасқан дәстүрлі нормаларға қайшы саналған. Кейін аңшылықтан оралған соң қаған ордасында өрт шығып, көп ұзамай қағанның қайтыс болуы осы оқиғамен байланыстырылған (Потапов, 2001: 33).

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениеті көшпелі қоғамның шаруашылық, әскери, әлеуметтік және дүниетанымдық қызметтерін тоғыстырған кешенді мәдени жүйе болғанын көрсетті.

Петроглифтердегі аңшылық көріністері ортағасырлық түркілердің аң аулау тәсілдерін, қарулану жүйесін, ат үстіндегі қозғалыс машықтарын және аңшылық нысандарын анықтауға мүмкіндік береді. Салт атты садақшы, садақ пен қорамсақ, аңшы иттері, жабайы жануарлар мен қыран құстар бейнелері аңшылықтың нақты тәжірибелік қырын ғана емес, оның көркемдік және символикалық мазмұнын да айғақтайды. Әсіресе

ат үстінде шауып келе жатып садақ тарту, артқа бұрылып оқ ату, аңды қуу және қоршау сияқты көріністер аңшылық пен әскери өнердің өзара сабақтастығын көрсетеді.

Археологиялық олжалар, соның ішінде Елеке Сазы кешенінен табылған күміспен бедерленген темір үзеңгідегі аңшылық көрінісі, түркі элитасының мәдени дүниетанымында аңшылық сюжеттерінің ерекше мәнге ие болғанын дәлелдейді.

Жазба деректер де бұл тұжырымды толықтыра түседі. Араб, қытай және көне түркі руникалық мәтіндеріндегі мәліметтер түркілердің әскери жорықтар кезінде де аңшылықпен айналысқанын, ал аңшылықтағы ерлік пен жетістік қоғамда жоғары бағаланғанын аңғартады. Қыран құспен саятшылық та ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениетінде айрықша орын алды. Қыран құс бейнесі аңшылық тәжірибемен қатар, әлеуметтік бедел, элиталық мәдениет, Тәңірлік дүниетаным және сакралды кеңістік ұғымдарымен сабақтас қарастырылды. Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегіндегі аңшылық пен саятшылыққа қатысты лексикалық деректер бұл мәдени тәжірибенің түркі тілдік санасында терең орныққанын көрсетеді. Ат, құлан, қабан, кеклік, шағры сияқты терминдер ортағасырлық түркілердің табиғи орта, жануарлар әлемі және аңшылық дәстүрі туралы түсініктерін нақтылайтын маңызды деректік негіз болып табылады.

Сонымен, ортағасырлық түркілердің аңшылық мәдениеті шаруашылық қажеттілік, әскери дайындық, әлеуметтік мәртебе және дүниетанымдық-символикалық түсініктер тоғысқан кешенді мәдени жүйе ретінде қалыптасты. Аңшылық көріністерінің петроглифтерде, қару-жарақ пен ат әбзелдерінде, сәндік бұйымдарда, жазба деректерде және тілдік материалдарда сақталуы оның түркі қоғамының материалдық және рухани мәдениетіндегі маңызы жоғары болғанын дәлелдейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- Арсланова Ф.Х. Памятники Павлодарского Прииртышья (VII–XII вв.) // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата, 1968. – С. 98-111.
- Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. – Баку: Элм. 1993. – 204 с.
- Гаврилова А.А. Могильник Кудыргэ как источник по истории алтайских племен. – М.; Л.: Наука, 1965. – 144 с.
- Гумилёв Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, 1967. – 504 с.
- Грязнов М.П. Древнейшие памятники героического эпоса народов Южной Сибири // АСГЭ. Вып. 3. Эпоха бронзы и раннего железа Сибири и Средней Азии. – Л.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 1961. – С. 7-31.
- Евтюхова Л.А., Киселев С.В. Чаа-тас у села Копены // Труды Государственного исторического музея. – Т. XI. – М., 1940.
- Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи Евразии. – СПб.: Филол. ф-т СПбГУ, 2005. – 346 с.
- Кормушин И.В. Тюркские енисейские эпитафии: грамматика, текстология. – М.: Наука, 2008. – 348 с.
- Кубарев В.Д. Древнетюркские изваяния Алтая. – Новосибирск: Наука, 1984. – 230 с.
- Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам / Отв. ред. Б.С. Сулейменов. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.
- Кушкумбаев А.К. Институт облавных охот и военное дело кочевников Центральной Азии. Сравнительно-историческое исследование. – Кокшетау: Келешек-2030, 2009. – 170 с.
- Потапов Л.П. Охотничий промысел у алтайцев (отражение древнетюркской культуры в традиционном охотничьем промысле алтайцев). – СПб.: МАЭ РАН, 2001. – 167 с.

- Самашев З. Древнетюркский культово-поминальный комплекс в Восточном Казахстане // Theory and Practice of Archaeological Research. – 2022. – № 4 (34). – С. 163–184.
- Самашев З., Айткали А.К., Толегенов Е. К вопросу о сакрализации образа кагана // Поволжская археология. – 2022. – № 2 (40). – С. 21-34.
- Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2010. – 168 с.
- Степи Евразии в эпоху средневековья / Отв. ред. С.А. Плетнева; авт. А.К. Амброз, В.Б. Ковалевская, И.Л. Кызласов и др. – М.: Наука, 1981. – 302 с.
- Самашев З. Граффити средневековых номадов // Вопросы археологии Западного Казахстана. – Самара: Диалог, 1996. – С. 259 - 269.
- Савинов Д.Г. Восточные мотивы в изображениях Шиповских пластин (к истории формирования древнетюркской изобразительной традиции) // Первобытная археология. Человек и искусство (к 70-летию Я.А. Шера). Новосибирск, 2002.
- Смаилов Ж.Е., Хасенова Б.М., Дарменов Р.Т., Абильдин А.К. Образы хищников в эпоху Средневековья: наследие традиций звериного стиля. Археология Казахстана. 2025. № 1 (27). С. 238 - 252.
- Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит түрік): 3 томдық шығармалар жинағы, 1 том / Қазақ тіліне аударған А. Егеубай. – Алматы: ХАНТ. 590 б.
- Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. – М.: Наука, 1980. – 328 с.
- Черемисин Д.В. Результаты новейших исследований петроглифов древнетюркской эпохи на Юго-Восточном Алтае // АЭАЕ. – 2004. – № 1. – С. 39-50.
- Юнусов А.С. Военное дело тюрков в VII-X вв. (по арабским источникам) // Военное дело древнего и средневекового населения Северной и Центральной Азии. Н., 1990. С. 117-123
- Nugteren H. Names for hunting birds and falconry terms in Kipchak / Northwestern Turkic // Raptor and Human: Falconry and Bird Symbolism throughout the Millennia on a Global Scale / eds. K.-H. Gersmann, O. Grimm. – Schleswig: Centre for Baltic and Scandinavian Archaeology, 2018. – P. 645 – 660.

А.М. Дуйсенбеков

Шәкәрім университет (Семей, Қазақстан)

ОХОТНИЧЬЯ КУЛЬТУРА СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТЮРКОВ: АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ И ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ ОБЗОР

Аннотация. В статье комплексно рассматривается охотничья культура средневековых тюрков на основе археологических материалов и письменных источников. Основное внимание уделяется хозяйственным, военным, социальным и мировоззренческим функциям охоты в кочевом тюркском обществе. Показано, что для средневековых тюрков охота была не только видом деятельности, обеспечивавшим повседневные и хозяйственные потребности, но и практической средой, формировавшей ловкость, меткость, выносливость и способность всадника-воина осваивать пространство. В исследовании анализируются охотничьи сюжеты в петроглифах, комплексы вооружения, конское снаряжение, предметы декоративно-прикладного искусства, а также изображения хищных животных и ловчих птиц; раскрывается их источниковое значение для изучения материальной и духовной культуры тюрков. В статье традиции конной охоты с луком, организации облавной охоты, изображения диких животных и использования ловчих птиц рассматриваются во взаимосвязи с кочевой военной культурой. Виды оружия, движения охотника, элементы одежды и конского снаряжения, представленные в охотничьих сценах, дают важные сведения о быте, воинских навыках и художественных традициях средневековых тюрков. Кроме того, образы хищных

животных и птиц интерпретируются как символическая система, связанная с представлениями о власти, героизме, защите, сакральном пространстве и социальном статусе. В результате исследования делается вывод, что охотничья культура средневековых тюрков представляла собой комплексную культурную систему, в которой пересекались хозяйственная адаптация, военный опыт, социальная структура и духовное мировоззрение кочевого общества.

Ключевые слова: средневековые тюрки, охотничья культура, археологические памятники, петроглифы, кочевое общество, конная охота, письменные источники.

Источник финансирования: Работа выполнена в рамках проекта фундаментальных научных исследований на 2024-2026 гг. Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, ИРН BR24992916.

A.M. Duisenbekov

Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

HUNTING CULTURE OF THE MEDIEVAL TURKS: ARCHAEOLOGICAL MATERIALS AND A SOURCE-BASED REVIEW

Abstract. The article provides a comprehensive study of the hunting culture of the medieval Turks based on archaeological materials and written sources. The main focus of the research is on the economic, military, social, and worldview-related functions of hunting in nomadic Turkic society. The article demonstrates that, for the medieval Turks, hunting was not merely an occupation aimed at meeting subsistence and everyday needs, but also a practical environment that developed the agility, marksmanship, endurance, and spatial orientation skills of the mounted warrior. The study analyzes hunting scenes in petroglyphs, weapon complexes, horse equipment, objects of decorative and applied art, as well as images of predatory animals and birds of prey, revealing their value as sources for understanding the material and spiritual culture of the Turks. The traditions of mounted archery hunting, collective driven hunts, the depiction of wild animals, and the use of birds of prey are examined in connection with nomadic military culture. The types of weapons, the hunter's movements, clothing elements, and horse equipment represented in hunting scenes provide important evidence on the everyday life, military skills, and artistic traditions of the medieval Turks. In addition, images of predatory animals and birds are interpreted as a symbolic system associated with ideas of power, heroism, protection, sacred space, and social status. The study concludes that the hunting culture of the medieval Turks constituted an integrated cultural system in which the economic adaptation, military experience, social structure, and spiritual worldview of nomadic society intersected.

Keywords: medieval Turks, hunting culture, archaeological monuments, petroglyphs, nomadic society, mounted hunting, written sources.

Source of funding: The study was carried out within the framework of the fundamental research project for 2024-2026 funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, IRN BR24992916.

References

Arslanova F.Kh. Monuments of the Pavlodar Irtys Region (7th–12th centuries) // New Developments in the Archaeology of Kazakhstan. – Alma-Ata, 1968. – P. 98–111.

- Asadov F.M. Arab Sources on the Turks in the Early Middle Ages. – Baku: Elm, 1993. – 204 p.
- Gavrilova A.A. The Kudyrga Burial Ground as a Source for the History of the Altai Tribes. – Moscow; Leningrad: Nauka, 1965. – 144 p.
- Gumilev L.N. The Ancient Turks. – Moscow: Nauka, 1967. – 504 p.
- Gryaznov M.P. The Earliest Monuments of the Heroic Epic of the Peoples of Southern Siberia // Archaeological Collection of the State Hermitage. Issue 3. The Bronze Age and Early Iron Age of Siberia and Central Asia. – Leningrad: State Hermitage Publishing House, 1961. – P. 7–31.
- Evtukhova L.A., Kiselev S.V. Chaa-tas near the Village of Kopeny // Proceedings of the State Historical Museum. – Vol. XI. – Moscow, 1940.
- Klyashtorny S.G., Savinov D.G. Steppe Empires of Eurasia. – St. Petersburg: Faculty of Philology, St. Petersburg State University, 2005. – 346 p.
- Kormushin I.V. Turkic Yenisei Epitaphs: Grammar and Textology. – Moscow: Nauka, 2008. – 348 p.
- Kubarev V.D. Ancient Turkic Stone Statues of Altai. – Novosibirsk: Nauka, 1984. – 230 p.
- Kumekov B.E. The Kimak State in the 9th–11th Centuries According to Arab Sources / Ed. by B.S. Suleimenov. – Alma-Ata: Nauka, 1972. – 156 p.
- Kushkumbayev A.K. The Institution of Battue Hunts and the Military Affairs of the Nomads of Central Asia: A Comparative Historical Study. – Kokshetau: Koleshek-2030, 2009. – 170 p.
- Potapov L.P. Hunting among the Altaians: The Reflection of Ancient Turkic Culture in the Traditional Hunting Practices of the Altaians. – St. Petersburg: MAE RAS, 2001. – 167 p.
- Samashev Z. Ancient Turkic Cult and Memorial Complex in Eastern Kazakhstan // Theory and Practice of Archaeological Research. – 2022. – No. 4 (34). – P. 163–184.
- Samashev Z., Aitkali A.K., Tolegenov E. On the Sacralization of the Image of the Kagan // Volga River Region Archaeology. – 2022. – No. 2 (40). – P. 21–34.
- Samashev Z., Bazylkhan N., Samashev S. Ancient Turkic Tamgas. – Almaty: ABDI Company JSC, 2010. – 168 p.
- The Steppes of Eurasia in the Middle Ages / Ed. by S.A. Pletneva; authors A.K. Ambroz, V.B. Kovalevskaya, I.L. Kyzlasov et al. – Moscow: Nauka, 1981. – 302 p.
- Samashev Z. Graffiti of Medieval Nomads // Issues of Archaeology of Western Kazakhstan. – Samara: Dialog, 1996. – P. 259–269.
- Savinov D.G. Eastern Motifs in the Images of the Shipovo Plates: On the History of the Formation of the Ancient Turkic Pictorial Tradition // Prehistoric Archaeology. Man and Art: Dedicated to the 70th Anniversary of Ya.A. Sher. – Novosibirsk, 2002.
- Smailov Zh.E., Khasanova B.M., Darmanov R.T., Abildin A.K. Images of Predators in the Middle Ages: The Legacy of Animal Style Traditions // Archaeology of Kazakhstan. – 2025. – No. 1 (27). – P. 238–252.
- Kashgari M. Dictionary of the Turkic Language (Dīwān Lughāt al-Turk): Collected Works in 3 Volumes, Vol. 1 / Translated into Kazakh by A. Egeubay. – Almaty: KHANT. – 590 p.
- Sher Ya.A. Petroglyphs of Central and Middle Asia. – Moscow: Nauka, 1980. – 328 p.
- Cheremisin D.V. Results of Recent Studies of Ancient Turkic Petroglyphs in South-Eastern Altai // Archaeology, Ethnography and Anthropology of Eurasia. – 2004. – No. 1. – P. 39–50.
- Yunusov A.S. Military Affairs of the Turks in the 7th–10th Centuries: According to Arab Sources // Military Affairs of the Ancient and Medieval Population of North and Central Asia. – Novosibirsk, 1990. – P. 117–123.
- Nugteren H. Names for Hunting Birds and Falconry Terms in Kipchak / Northwestern Turkic // Raptor and Human: Falconry and Bird Symbolism throughout the Millennia on a Global Scale / eds. K.-H. Gersmann, O. Grimm. – Schleswig: Centre for Baltic and Scandinavian Archaeology, 2018. – P. 645–660.

Автор туралы мәлімет:

Дүйсенбеков Айқын Мақсатұлы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы, Шәкәрім университеті ҚеАҚ.

Сведения об авторе:

Дүйсенбеков Айқын Мақсатұлы – магистр гуманитарных наук, преподаватель, НАО «Университет имени Шакарима».

Author information:

Duisenbekov Aikyn Maksatuly – Master of Humanities, Lecturer, Shakarim University NJSC.

Редакцияға енуі 07.03.2026

Өңдеуден кейін түсуі 19.05.2026

Жариялауға қабылданды 28.06.2026